

Егемен Қазақстан

 **Egemen.kz**

Алтын тапқан ауыл балалары

Ғылымға «Жалаулы көмбесі» деген атпен енген көне әшекейлер қазынасы көзі қарақты оқырманға жақсы таныс. Бүгінде Алматыдағы Мемлекеттік орталық музейдің алтын залынан орын алған бағалы бұйымдарды 1988 жылы сабақтан келе жатқан ауыл балалары кездейсоқ тауып алған.

Кемел Ақышев бастаған сол кездегі Жетісу археологиялық экспедициясы алтын табылған аумақты зерттей келе, жәдігерлер біздің заманымызға дейінгі VII-VIII ғасырларға тиесілі екенін анықтады. Табылған мұраның тарихына тереңірек тоқталмас бұрын, осыдан 35 жыл бұрын Алматы облысы, Кеген ауданы, Жалаулы ауылында болған таңғажайып оқиғаны шолып өтейік.

Жер енді көгере бастаған көктем айында таудан түскен қар суы ауыл шетіндегі шағын арықты толтыра ағады. Әлгі суға қағаздан жасалған қайықтарын жарыстыру – ойын балаларына таптырмас ермек. Сол әдетімен күндегідей сабақтан келе жатқан Ермек Мұхаммеджанов, Тынышбек Мұқажанов, Айқын Әмеқұлы, Қанат Әжіғұлов есімді сыныптастар үшін сәуірдің 12-сі ерекше оқиғамен есте қалды. Қар суымен жуылып жер бетіне шығып қалған жылтырақ заттарды жеткіншектер таласатармаса қалталарына салып қамсыз кете берген. Ол туралы кейіпкерлердің өзі әңгімелеп берсін.

«Есімде қалғаны 12 сәуір ғарышкерлер күні болатын. Арық тұсынан жылтыраған дүниелерді көрдік те өзара бөлісіп үйлерімізге тарап кеттік. Шыны керек, алтын деп ойлаған жоқпыз. Бірақ ертоқым, жүген сәндегенге таптырмайтын-ақ дүние екен деп ойладым. Үйге келіп киімдерімді шешіп, қайтадан мал суаруға бара жатып үлкендерге көрсеттім. Үшкір майда бұйымдар қалтама батқасын, тау етегіне лақтырып жібердім. Сол аралықта біз алтын тапқан жерге ауыл адамдары үйіліп алыпты. Мектеп директоры, ауыл басшысы, милиция қызметкерлері де осында жүр. Бұл тегін емес-ау деп ішім қылп ете қалды. Қысқасы, ертесі күні бәрімізді клубқа жинап тапқан заттарымызды қайтаруды талап етті. Алматыдан алтын тексеретін аппараты бар археологтер келе жатқанын, сондықтан жасырып қалғандар жазаға тартылатынын жеткізді. Мен ұсақтарынан бөлек үлкен 4 бұйымды алғанмын. Біреуін атама сыйладым. Жиналыс кезінде жоқ деп мойындамадым. Балалық қой. Әкем партия адамы болатын. Тапқанымды тапсыруды бұйырды. Үйден біреуін алып келіп едім: «Қалғаны қайда?» деді. Содан тағы біреуін алып келіп ем, әлі де сенбеді. Ақыры төртеуін де әкеліп өткіздім. Қасымдағы серіктерім де тапқандарын түгел әкеліп берді», дейді Ермек Мұхаммеджанов.

Сол кездегі 12-13 жасар ойын балалары бүгінде елуге аяқ басқан. Ал араларындағы Қанат Әжіғұлов өмірден озыпты. Араға 35 жыл салып

музей мамандары ұйымдастырған әсерлі кездесуге үш кейіпкер мен Қанаттың анасы қатысты. Музей басшысы Рашида Харипова тарихымызды түгендеуге сеп болған азаматтарға алғысын білдіріп, мұражайға өмір бойы тегін кіруге мүмкіндік беретін сертификат табыс етті.

Алтын тапқан азаматтар сол тарихи күнді ауыл адамдары бүгінде аңыздай айтатынын, өздері үшін де бұл оқиғаның естен кетпейтін әсерлі сәт екенін тебірене жеткізді. Оларға сол тұста, тапқан жәдігерлерінің 25 пайызы, яғни 17 мың сом теңдей бөлінген. Кейіннен 4 бірдей «Романтик» магнитофоны сыйға тартылыпты.

Заманында кездейсоқ олжаның Алматыға әкелініп, тарихи тұрғыдан зерттелуіне ұлт қайраткері Өзбекәлі Жәнібеков тікелей мұрындық болған. Жалаулы ауылында Кемел Ақышев бастаған археологтер тобы көмбе орнын барлап, біршама қазба жұмыстарын жүргізді. Киімдердің, белдіктер мен ат әбзелдерінің әшекейлері және басқа да зергерлік алтын бұйымдардың жалпы саны алты жүзден асады. Олардың ішіндегі аса бағалысы – жарты ай тәрізді иіліп келген алтын пектораль. Оның жоғарғы жағы асыл тастар қондырылған арқар мүсіндерімен безендірілген. Құс қондырған қос марал бейнесі бар әшекей де әсемдігімен ғана емес, айтар ой, мағынасымен де тосын дүние. Алтын табылған қапшық қырқыншы жылдарға тән деп танылған. Сондықтан ғалымдар, бұл әлдекімнің қолына түсіп, өзен аңғарына жасырынған қойма болуы әбден мүмкін деген пайымға келген. Сонымен бірге зерттеушілер мұндай жәдігерлер тек патша қорғандарынан табылатынын айтады.

– Жалаулыдан табылған тамақша (пектораль) ежелгі Урартудан табылған екен. Яғни ел басқаратын абыздардың жерлеу орындарында кездескен. Ал Бадам тәрізді белдік әшекейлері Иран аумағындағы Сақ қыз қорғанынан табылған. Иран жерінен табылған бұйымдар б.з.д VII-ғасырға жатқызылса, Жалаулы көмбесіндегі жәдігерлер К.Ақышевтің зерттеуімен б.з.д VII-VIII ғасырмен мерзімделеді. Сол себепті де тарихи орын әлі де толыққанды зерттелуі керек, – дейді Мемлекеттік орталық музейдің археология бөлімінің жетекшісі Набира Төрежанова.

Қазақ даласынан табылған қаншама тарихи жәдігердің ғылыми айналымға енуіне қарапайым азаматтар себеп болған. Жалаулы көмбесінің табылуы да бүтін бір фильмге сұранып-ақ тұрған қызықты оқиға. Нәзік оюлармен бедерленген алтын бұйымдар қазақ топырағы өркениеттер өзегі тоғысқан ғажайып мекен екенін тағы бір дәлелдейді. Жалаулыдан табылған алтын бұйымдарды алматылықтар мен қала қонақтары Мемлекеттік орталық музейдің алтын залынан тамашалай алады.

Арман ОКТЯБРЬ